



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

- Жоғарыда айтылған себептерге байланысты және де Қазақстанда тұратын өзге ұлт өкілдерінің басқа тілді қазақ тілінен жоғары қоюы;
- Батысқа еліктеу немесе өзге де сынды себептерге байланысты ұлттың жойылу қаупі, яғни қазақтың дегреациялануы;

Қорытынды бөлім

Қорытындылай келе, Қазақстанның болашағы қазақ тілінде болғандықтан сол жерде тұратын әрбір азамат мемлекеттік тілді үйреніп, мәртебесін көтеру қажет. Дамыған мемлекеттермен тереземізді теңестіру мақсаты қойылған соң, ең бірінші назар аударатын нәрсенің бірі тіл болып табылады. Бұл жайында Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Мемлекеттің ең басты дүниесі тек ғана байлық емес, сонымен қатар ана тіліміздің болашағы», – деген болатын.

Зерттеу нәтижесін қорытындылайтын болсақ Оңтүстік Қазақстан халқының дерлік жарты бөлігі қазақ тілін өзге тілмен арластырмай қолдана алады және қалған тұрғындары да қазақ тілінің бастапқы деңгейегі тілдік курсы бар екенін көрсетті.

Зерттеу жұмыстың алдында гипотеза басқаша болжанған. Алайда зерттеу жұмысының нәтижесіне келгенде нақты қорытындыға келдім. Оңтүстік Қазақстан облысындағы қазақ тілінің қолданыс деңгейі Қазақстанның басқа қалаларына қарағанда жоғары. Мемлекеттік қазақ тілі - тек қазаққа ғана емес, қазақ жерінде тұратын әрбір қазақстандық азаматтардың ұлтаралық тілі болуы қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Байдәулет Қ. Қазағы 70 пайыздан асқан өңір іс-қағаздарын қай тілде жүргізеді?// «Айқын» республикалық қоғамдық-саяси газеті 6-бет – №196 (2351), 2013– 25-қазан //Сауалнама. Берік УӘЛИ, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары, баспасөз хатшысы, http://old.kazmkpu.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=1216:1216&Itemid=628&lang=kz
2. Жақыпов М.Қолданыс аясы кеңейіп келеді// 5 Қазан 2012 | 10:57 //Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Жалпы бөлімінің меңгерушісі Егемен Қазақстан, <http://www.qazaq-found.kz/kaz/?p=1090>
3. 3.Алшанов Р. Қазақ тіліндегі кітаптарды шығарып қана қоймай, олардың сапасына және өміршеңдігіне мән беру керек // 09 Маусым 2011, 12:09. <http://www.inform.kz/kaz/article/2386427>

ӨОЖ 811. 512. 122: 81'22

«ҚАМБАР БАТЫР» ЖЫРЫНДАҒЫ ҚОС ТҮБІР ЕТІСТІКТЕР

Мырза Малика Серікқызы

m.myrzaeva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті «Филология: қазақ тілі» мамандығының
3-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Г.О.Сыздыкова

Қос сөздер етістіктермен байланысып, оларға қосымша семантикалық мағына үстеп, қосымша стильдік қызмет жамап отырады. Сөйтіп, қос сөздердің қай-қайсының болмасын стильдік ренктері құбылып, олар саралау, күшейту, толықтыру, ыңғайластыру, қомсыну, кемсіну сияқты әрқилы мағыналық ерекшеліктерді білдіріп тұрады [1,2].

Қос сөздердің стильдік мағыналарының әр жақты болып келетініне тоқтала келе, ғалым Ә.Т. Қайдаров былай деп жазады: «Қос сөздердің мағыналық жан-жақтылығы әрі тілді икемді, әрі іштей бай дәрежеге көтеріп, сол арқылы тіл жүйесінің мүмкіндігін арттыра түседі, ол тілдегі синонимиканың дамуына, лексика-семантикалық дублеттерінің

қалыптасуына, ойдың ең нәзік реңктерін білдіретін қолайлы жағдай жасайды» [3, 155].

Тіліміздегі қос түбір етістіктердің құрамында да қосарланып және қайталанып жұмсалатын етістіктер жиі кездеседі. Мысалы, азып-тозу, арып-ашу, өліп-талу т.б. Бұдан қос сөздердің семантикалық жағынан тіліміздегі синонимдерді байытумен қатар, оның стилистикалық амал-тәсілдерін әрі икемді, әрі жатық етуге икемділігін байқаймыз [4,91].

Жалпы қазақ тіліндегі сөздердің қосарлануы арқылы жасалған етістіктерді қос түбір етістіктер деп атауды ғалым Ы.Маманов ұсынған болатын.

Ғалымның анықтамасы бойынша, екі етістік қосарланып, бір ғана түбір сөз мағынасын білдіретін етістіктер **қос түбір етістік** деп аталады [5,33]

Қос түбір етістіктер дайын сөзжасамдық қалыптар арқылы жасалады. Сөздердің тууында сөзжасамдық тәсіл мен үлгіден басқа қалып та болады.

Табиғи тілдің дамуында жаңа туынды атау туғызу үшін қалыптасқан белгілі қалыптар бар. Мұндай қалыптар кез келген тілде болуы заңды. Қазақ тіліндегі сөзжасамдық қалыптардың да өзіндік белгілері мен заңдылықтары, ерекшеліктері бар. Сөзжасамдық қалып жаңа туынды сөздің жасалуының жалпы қасиеттері мен заңдылықтарын айқындай алады.

Ғалым А.Салқынбай сөзжасамдық қалыптардың 2 түрін атап көрсетеді: дауысты дыбыстардың сәйкесуі арқылы жасалған сөзжасамдық қалыптар және дауыссыз дыбыстардың сәйкесуі арқылы жасалған сөзжасамдық қалыптар. Бұл қалыптардың өзі де дыбыс ерекшелігіне байланысты фонетикалық сөзжасам тәсілімен жасалғаны белгілі [6, 70-71]. Мақалада «Қамбар батыр» жырындағы қос түбір етістіктер зерттеу нысанына алынып, сараланды. Жырдан жинақталған тілдік деректерді талдау барысында жырда кездесетін 14 қос түбір етістіктің біреуі ғана сөзжасамдық қалыптар арқылы жүзеге асқанға ұқсайды. Мысалы:

Жақсы адам қайда жүрсе қор болмайды, Шексе де жол бейнетін **арып-ашып** [Қамбар батыр, Тәшкен 1922, 165-бет].

Дауысты дыбыстардың А-А сөзжасамдық қалыбы сипатында берген оңтайлырақ секілді.

Ару-ашу: мағыналық жағынан ұқсас сөздер. Яғни, ерекшелігі- мағыналық, тұлғалық біртектілігінде. Осы мағыналық біртектілік жаңадан пайда болған туынды сөздердің бір нысанға қатыстылығын анықтайды.

Ғалым Ы.Маманов етістіктерді төмендегідей бөледі:

1. Негізгі етістіктер: а) түбір етістік; ә) Модификациялық етістіктер.
2. Туынды түбір етістіктер
3. Кіріккен түбір етістіктер
4. Қос түбір етістіктер
5. Тіркесті түбір етістіктер

Қос түбір етістіктің алдыңғы сыңары өткен шақ көсемше (-п, -ып, -іп), екінші сыңары етістіктің басқа грамматикалық формаларымен түрленетін конструктивтік қызмет атқарады. Мысалы, *алдап-сулау, қарғап-сілеу, сылап-сипау, бөліп-жару* т.б. [5, 33]. Мысалы:

Қағып-соғып аузыма.

Салғаным бар ма, Кедей бок! [Қалқай нұсқасы, 186-бет].

Жырдағы қос түбір етістіктердің тағы бір ерекшелігі: мұнда қос түбір етістіктер әртүрлі тұлғада да келеді. Мысалы:

Артым менің аяулы,

Ойнап-күліп жатуға

Сіздерменен ертеден. [Ш.Қалмағамбетов нұсқасы, 296-бет]

Мұндағы қос түбі етістіктер көсемше тұлғасында тұр.

Келмейтінім жиынға

Артық туған, Назым жан,

Ойнап-күлсем сенімен,

Айналар ісім қиынға [М.Жапақов нұсқасы, 313-бет].

Жоғарыдағы мысалда қос түбір етістіктердің көсемше тұлғасында келуі көрсетілген болса, мына бір мысал көсемше тұлғалы етістік пен шартты райлы етістіктің (І жак, жіктік жалғауы) қосарлануы арқылы жасалған.

Ойнар-күлер шағымда

Тойдан басым қалды,- деп [Қалқай нұсқасы, 175-бет]

Мұндағы қос түбір етістіктер есімше формасында тұр.

Етістіктерді басқа сөз таптарынан ажыратудың басты бір критерийі - етістік түбіріне болымсыз жұрнағының жалғануы, өйткені есім сөздерге болымсыздық қосымша жалғанбайды дедік. Олай болса, етістіктен болған қос сөздердің біразы сөз табынан етістікке жататындығы даусыз [5, 33]. Мысалы:

Ұрмай-соқпай Қамбардың

Бітетін болды жұмысы [Қалқай нұсқасы, 197-бет]

Көсемше формасындағы қос түбір етістіктің болымсыз түрі екі вариантта қолданылады. Біріншісі болымсыздық қосымшаның ең соңғы компонентке жалғануы арқылы жасалады. Мысалы, төгіп-шашпай, ішіп-жемей т.б.

Екіншісі қос түбір етістіктің құрамындағы екі компоненті де болымсыз формада жұмсалады. Мысалы, төкпей-шашпай, ішіп-жемей т.б. [5, 34]

«Қамбар батыр» жырында бір етістіктің өткен және келер шақ көсемше тұлғаларының қайталанып айтылуы арқылы жасалған қайталама етістіктер де кездеседі. Мысалы:

Өлер жерің осы деп,

Толғап-толғап ұрады,

Құдайым оған бұрады [Қамбар баһадүрдің жыры, 58-бет].

Қайталама етістіктерді қос түбір етістіктермен бірдей деп қарауға болмайды. Басты ерекшелігі: қос түбір етістік сөз тудыру категориясына жатса, қайталама етістік қимылдың дүркінділік, созылықты түрде өтуін көрсететін етістіктің грамматикалық формасы болып табылады. Былайша айтқанда, қайталама етістік басқа сөздер сияқты (жүре-келе, бара-тұра) түбір сөз дәрежесінде, тұтас бір сөздің ғана ұғымын білдірмейді, ол етістікке тән грамматикалық мағына білдіреді [5, 34]. Мысалы:

Неше жыл жүрді Назым **жылай-жылай**,

Қамбардың күйігінен кешіп ылай [Қамбар батыр, Тәшкен 1922, 163-бет].

Сонымен қатар ғылымда қос түбір етістіктерді үстеу санатында қарастыратын көзқарастар да бар. Ғалым Н.Оралбайдың пікірінше: «үстеулер қимылдың қалай жасалғанын да суреттеп көрсете алады, қимылдың алуан түрлі жасалатынына байланысты тілде сын-бейне үстеулері өте көп: билеп-төстеп, арып-ашып т.б. Себеп-салдар үстеулері қимылдың себебін білдіреді: айта-айта, сөйлей-сөйлей т.б.». [7, 327-328]

Етістіктен жасалған қос сөздердің ішінде де үстеуге жататын сөздер бар. Мысалы, жүре-келе, бара-тұра, жата-жастана, ырғап-жырғап, т.б. Бұл сөздердің құрамындағы компоненттердің бастапқы сөздік мағынасы ауысып, өзара біртұтас жаңа сөз мағынасына ие болған. Сонымен бұлар ешқандай грамматикалық өзгеріске түспейді. Ал қос түбір етістіктер, басқа түбір етістіктер тәрізді, етістіктің грамматикалық формаларымен түрленеді. Әр ауылды бөлек-бөлек алдап-суласа да, аунатып жейді. [5, 34]

Сонымен, жырда келтірілген мысалдардан байқағанымыздай, қос түбір етістіктердің құрамындағы компоненттерінің мағыналары бір-біріне жақын болады. Мысалы ұрып-соғу, жуып-шаю. Кейбір қос түбір етістіктердің соңғы сыңары ескірген сөз түрінде қолданылады да екен: сасып-пысу, қарғап-сілеу, алдап-сулау, т.б.

Тілдегі синонимдес етістіктерді жекелеп те, кезектестіріп те, топтап та жұмсап, көркемдік сипат, стильдік ерекше мән тудырған сияқты, бұларды қосарлап қолданатын жайттары да бар. Жайшылықта дербес айтылып жүрген екі мәндес сөзді қоса-қабаттап пайдалану нәтижесінде нақтылы бір күрделі ұғым туады. Мұндай күрделі ұғымдар синонимдес етістіктерді қайталау және қосарлау тәсілдерінен пайда болған. Сөздерді қайталау және қосарлау тәсілі басқа тәсілдердей өзінше ерекшелігі мол, пайдалы, қажетті, керекті жүйе.

Кейде қайталама қос сөздердің бірнешеуін қатар пайдаланып, оқиғаны күшейтіп, әсерлеп көрсетеді. Ойды образды, нақты, нанымды етіп көрсету үшін, қос сөздерді бейнелеу тәсілінің бірі етіп алған. Қос сөздердің жеке синонимдес етістіктерден лексикалық айырмашылығы жоқ болғанмен, стильдік айырмашылығы бар.

Бір сөздің қайталануы арқылы жасалатын күрделі етістіктер құбылыстың, қимылдың әр түрлі қарым-қатынасында болатын көбею, еселеу, күшейту, саралау, бөліну, топталу сияқты қимылды, жай-күйлерді я көбейтіп топ-тобымен, я бөліп жік-жігімен, я әсерлеп, саралап сала-саласымен атап анықтайтын форма ретінде қызмет етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Бабалар сөзі: Жүз томдық.- Астана: «Фолиант», 2007. Т.43: Батырлар жыры.- 2007.- 416 б.
2. Кайдаров А.Т. Особенности стилистического употребления синонимичных и вариантных фразеологизмов в уйгурском литературном языке.- Алма-Ата, 1969.- С. 157
3. Кайдаров А.Т. Парные слова в современном уйгурском языке.- Алма-Ата, 1958.- С. 215
4. Османова А. Синонимдес етістіктердің семантика-стилистикалық қызметі.- Алматы: Ғылым, 1991.- 128 б.
5. Маманов Ы. Қазақ тілі білімінің мәселелері.- Алматы: Арыс, 2007.- 482 бет.
6. Салқынбай А. Қазақ тілі сөзжасамы.- Алматы: Қазақ университеті, 2007.- 190 бет.
7. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы.- Алматы: 2007.-390 бет.
8. Жұбанов А. Қолданбалы тіл білімінің мәселелері.- Алматы: Арыс, 2008.- 640 бет.

ӘОЖ 82-131

«МҰҢЛЫҚ-ЗАРЛЫҚ» ЖЫРЫНДАҒЫ ТИПОЛОГИЯЛЫҚ САРЫНДАР

Намен Қымбат Әбдіғаппарқызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
филология факультеті «5В011700»-қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші: Б.Қорғанбеков

Фольклортануда типология мәселесіне көп көңіл бөлініп, терең зерттеліп келеді. Фольклордың типологиясы бірде тарихи-мәдени байланыс аспектісі бойынша, бірде тарихи туыстық сипат ретінде қарастырылуда. Сондай-ақ бұл мәселеге тарихи-салыстырмалы әдіс тұрғысынан баса назар аударылуда [1,406]. Және де типология мәселесі қазіргі таңда «интермәтін», «метамәтін» ұғымдарымен астастырыла тексерілуде. Яғни, кез келген мәтін басқа мәтіндермен белгілі бір байланыста болады. Ол байланыс: сюжеттік, жанрлық, көркемдік, образдық ұқсастықтардың деңгейінде көрініс беруі мүмкін. Әлемдік фольклордағы ұқсастықтар көптеген ғалымдардың назарын аударды. Соның ішінде кеңестік кезеңнің ғалымы В.Я.Пропты ерекше атауға болады. Ол «Морфология сказки», «Исторические корни волшебной сказки» атты танымал еңбектерінде әлемдік ауыз әдебиет үлгілерінің (соның ішінде ертегілердің) типологиясына жіті тоқталып, түрлі ұқсастықтар мысалында олардың типологиялық себептерін анықтап, тарихи және этнографиялық негіздеріне тоқталған. Бұл ұқсастықтардың барлығы тек қана туыстық негізде немесе бір-бірінен алынған дегенге сыя бермейді. Фольклордың типологиясы – түрлі халықтардың наным-сеніміне, дүниетанымына да тікелей байланысты құбылыс.

Фольклорлық ескерткіштердің өзара үндестік, жақындығын белгілеудің шарттары мен заңдылықтары да анықталған. Ауыз әдебиеті шығармаларының түбірлестігі мен туыстығы түрлі жағдайлар мен факторлар жиынтығынан құралатыны кәміл. Сондай себептер мен сипаттарды ескере келіп, фольклортану ғылымы үш түрлі ұқсастық типін ерекше бөліп